

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қызмет бабымен шетелге шығу тәртібі және шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуына бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қаулысын жариялау туралы**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 95. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 10 тамыздағы N 260 бұйрығымен. ~V960287

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы шілденің 20-ындағы "Қызмет бабымен шетелге шығу тәртібі және шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуына бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" N 630 P930630\_ Қаулысын жариялай отырып бұйырамын:

1. Ішкі істер органдарында қызмет бабымен шетелге шығуға арналған құжаттарды қабылдау, ресімдеу және беру тәртібі туралы Нұсқау бекітілсін.

2. Алматы қалалық ИББ, облыстардың, Ленинск қалалық ИБ, көліктегі ИБ бастықтары шетелге шығуды ресімдеу жөніндегі жұмысқа қатысы бар жеке құрамның аталған Нұсқауды оқып білуін ұйымдастырып, зачет қабылдасын және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Паспорт және виза жұмыстары басқармасы (Мұсаев Ө.К.) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен құжаттарды қабылдап алуды ұйымдастырсын және 1993 жылғы қазанның 1-інен бастап Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Орталық аппаратында Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша, ал облыстық ИБ-ның бастықтары паспорт және виза жұмыстары бөлімінде шет елге шығу құжаттарын ресімдеуді және беруді ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

4. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің, атқаратын лауазымына

қарамастан, шетелге қызмет бабындағы іссапарға шығуы тек Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің немесе оның міндетін атқарушы адамның рұқсатымен ғана жүзеге асырылсын.

5. Қазақстан Республикасы ІІМ бұрын шығарылған бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1993 жылғы қаңтардың 22-індегі N 38 бұйрыққа:

- IX тарау күшін жойғандықтан алып тасталсын;
- N 1 қосымша "10 Түркия" деген тармақпен толықтырылсын;

- N 2 қосымшадағы арыз иесінің қолы алдында:

"Анкетада біле тұра жалған мәлімет бергені үшін жауап беретіндігі туралы ескертіледі" деген сөздер қосылып жазылсын;

- N 2а Қосымшамен (қоса тіркеліп отыр) толықтырылсын;

- N 8 қосымша күшін жойғандықтан алып тасталсын;

- N 10 қосымшада "\_\_\_\_\_" сом Мемлекеттік баж салығы төленді деген сөзден кейін мынадай екі жолмен толықтырылсын:

Шығуға арналған келісім бар

\_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
Облыстық (қалалық)  
әкімшілік өкілінің қолы

Әрі қарай мәтіні бойынша.

1993 жылғы маусымның 9-ындағы N 217 бұйрыққа:

- 4 тармақтағы "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шет елге турист ретінде " шығу туралы материалдар бойынша белгіленген тәртіпте баяндалған оң пікірі бойынша деген сөйлемдегі "... және қызмет бабымен" деген сөз алынып тасталынсын, әрі қарай мәтіні бойынша.

6. КСРО ИМ, КСРО СІМ, КСР МҚК 1989 жылғы қазанның 9-ындағы "Қызмет бабымен шығу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар тапсыру тәртібі туралы" Нұсқауы күшін жойды деп есептелінсін.

Министрдің міндетін атқарушы  
милиция генерал-майор

Қазақстан Республикасы  
ҰҚК-мен келісілген

Қазақстан Республикасы  
ИМ 1993 жылғы қыркүйектің  
28-індегі N 352 бұйрығына  
N 1 қосымша

Ішкі істер органдарында Қызмет бабымен шет  
елге шығуға арналған құжаттарды қабылдау  
ресімдеу және беру тәртібі туралы  
Нұсқау

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы шілденің 20-ында "Қызмет бабымен шетелге шығу тәртібі және шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалыуына бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" N 630 Қаулы қабылдауына байланысты ішкі істер органдарында қызмет бабымен шетелге шығу үшін құжаттар ресімдеудің тәртібі белгіленді:

1. Жалпы азаматтық шетелдік паспорттарды, шығатын еліне қарамастан, Ішкі істер органдарында аумақтық принцип бойынша, ал Алматы қаласы мен Алматы облысына Қазақстан Республикасы ІІМ-де ресімдеп, беріледі.

2. Делегациялармен мамандардың қызмет бабымен шет елге шығуы туралы шешімді, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың басшылары қызметкерлердің барлық санаттарына қатысты дербес өздігінен қабылдайды. Мемлекеттік құпияның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында іссапарға жіберуші ұйымдар облыстық, ал Алматы, Ленинск қалаларында қалалық әкімшіліктер арқылы іссапарға шығатын қызметкерлердің мемлекеттік құпиядан хабардарлығын анықтау үшін Ұлттық қауіпсіздік органдарына өтініш жасайды. Ұлттық қауіпсіздік органдары мұндай сауалдарға 15 күн ішінде жауап б е р е д і .

Ұлттық қауіпсіздік органдарының оң пікірі бес жыл бойы жарамды (егер іссапарға шығушы жұмыс орнын ауыстырмаса).

3. Шет елге шығуды ресімдеу үшін іссапарға жіберуші ұйым ІІБ-на паспорт және виза жұмыстары бөлімдеріне мынадай құжаттарды тапсырады.

- ұйымдардың басшылары немесе олардың орынбасарлары қол қойған және мөр соғылған әрі облыстың, Алматы, Ленинск қалалық әкімшіліктерінің шығуға келісімі туралы белгісі көрсетілген белгіленген үлгідегі ұсыным (өтініш) Қазақстан Республикасы ІІМ 1993 N 38 бұйрығына N 10 Қосымша ;

- қабылдаушы жақтың (түпнұсқасы және көшірмесі) нотариус куәландырған аудармасы қоса тіркелген шақыру қағазы. Түпнұсқа іссапарға жіберуші ұйымға қ а й т а р ы л а д ы .

- өтініш анкета (N 2а қосымша; бекітілген нысандағы);

- шет елге іссапарларға жіберу туралы бұйрық;

- е к і ф о т о с у р е т ,

- азаматтығы туралы белгісі бар ішкі паспорты;

- мемлекеттік баж салығы және визалық жұмыстарға төленгендігі туралы к в и т а н ц и я .

Барлық қажетті материалдар қабылданғаннан кейін құжаттар Қазақстан Республикасы ІІМ 1993 жылғы N 38 бұйрығымен белгіленген тәртіпте ІІБ-ң АЕО

есепі бойынша тексеріледі.

Паспорт және виза жұмыстары бөлімінде құжаттарды ресімдеу мерзімі 10 күннен аспауы керек.

4. " \_\_\_\_\_ " дейін шығуға болады" деген рұқсат белгісі паспорт берілген сәттен бастап бір жыл мерзімге ресімделеді.

5. Визалық шығу тәртібі белгіленген елдерге шығу құжаттарын алған соң  
іссапарға жіберуші ұйымның өкілдері шығатын елге виза алу үшін мыналарға өтініш жасайды:

- шетел мемлекетінің елшілігіне, егер ол Алматы қаласында орналасқан болса;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің консулдық басқармасына егер елшілік республикадан тыс жерде орналасқан болса.

6. Шет елге шығатындардың бәріне ішкі істер органдарында есеп карточкалары толтырылады, онда паспорттың нөмірі мен берілген уақыты жазылады, карточкалар ПБ-ның паспорт және виза жұмыстары бөлімдерінде сақталады.

7. Шет елдік паспорттың бланкілері мынадай формада тіркеледі:

|        |            |                    |          |           |         |
|--------|------------|--------------------|----------|-----------|---------|
| Датасы | Паспорттың | Ф. А. Әкесінің аты | Баратын  | іссапарға | паспорт |
| нөмірі |            | елі                | жіберуші | беруге    |         |
|        |            | ұйым               | негіз    |           |         |

Қызмет бабымен сапарға шығуға берілген паспорттарға жеке есеп жүргізіледі.

8. Шетелдік әріптестерді Қазақстан Республикасына шақыру Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ИМ  
паспорт және виза жұмыстары  
басқармасы

Іссапарға жіберуші  
ұйымның бланкісі  
(штамп)

\_\_\_\_\_  
(облыс)  
ПБ бастығына

Шығыс N \_\_\_\_\_

199 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ беруге шетелдік

(елдің атауы)  
паспорт ресімдеуді сұраймыз

1. \_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

Қызмет бабындағы сапардың мақсаты \_\_\_\_\_

мына қалаларда болады \_\_\_\_\_

Шет елге бару 19 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ күнге көзделген.

\_\_\_\_\_ теңге мемлекеттік баж салығы төленді.

шығуға арналған келісім бар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ (облыстық)қалалық)

\_\_\_\_\_ әкімшілік өкілінің қолы)

Датасы М.О. Ұйым басшысы

Қазақстан Республикасы ІІМ

\_\_\_\_\_ (фамилиясы, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (басқа фамилияда болсаңыз оны көрсетіңіз)

\_\_\_\_\_ (туылған жылы, айы, күні)

\_\_\_\_\_ (тұрақты мекен-жайы немесе тіркелген жері)

телефондар: үй \_\_\_\_\_ жұмыс \_\_\_\_\_

Шетелге іссапарға қызмет бабымен бару

үшін паспорт беру жөнінде

Өтініш - Анкета

\_\_\_\_\_ (шақыратын ұйым)

шетелге \_\_\_\_\_ іссапарға қызмет

(ел)

бабымен бару үшін паспорт ресімдеуді сұраймын.

Бұрын шетелде \_\_\_\_\_ қашан болған

(ел)

\_\_\_\_\_.

Қазіргі кездегі жұмыс орны

\_\_\_\_\_

ұйымның, мекеменің атауы, | ұйымның мекен-жайы

лауазымы |

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Біле тұра жалған мәлімет бергені үшін жауап беретіндігі

туралы ескертілді.

19\_\_ ж. \_\_\_\_\_

(қолы)

Анкета көрсетілген мәлімдемелер паспортымен, әскери  
билетпен және еңбек кітапшасымен салыстырылды.

199\_\_ ж. \_\_\_\_\_

(ұйымның лауазымды

адамның қолы)

М.О. ұйым